


ОРИЕНТАЛИЗМ

Кіріспе. Эдвард Саидтің
«Ориентализм» еңбегі: өзектілігі,
авторы, тақырыбы





Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **1. Кіріспе. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегі: өзектілігі, авторы, тақырыбы**

Дәрістің мақсаты: курстың негізгі тақырыбы және материалымен танысу, мақсаты мен міндеттерін анықтау; Эдвард Саидтің өмір жолы және «Ориентализм» еңбегіне қатысты негізгі мәліметтерді ұсыну, зерттеудің негізгі идеясымен, өзектілігімен және түйінді тақырыптарымен танысу.

Зерттеудің өзектілігі: ХХ ғасырдағы қоғамдық ғылымдар аясында дамыған негізгі теориялардың қатарына Батыс пен Шығыстың арақатынасын, өркениеттер мен мәдениеттердің бір-біріне ықпалын, көзқарастар мен тұжырымдардың сұхбаты мен талас-тартысын сипаттайтын ілім «ориентализм» ерекше орын алады.

Көне Шығыс өркениеттері ерте замандардан ғалымдардың зерттеулеріне негіз болып келгенін жақсы білеміз. Себебі қазіргі Қытай, Мысыр, Үндістан, Қосөзен (Месопатамия) аумақтарында көне замандарда түрлі мәдениеттер туындап, кең қанат жайды, әлемдік өркениет ошақтарына айналды. Олар дами келе тұтастай адамзат дамуының бағыттарын анықтап берді. Шығыс ғасырлар емес, мыңжылдықтар бойы ғылыми ойдың, интеллектуалды ойдың өзекті тақырыбы, әрі нысаны болып келеді және ары қарай да жалғаса береді. Себебі Шығыс дегеніміз ол – өркениет ошақтары, алғашқы таңба мен жазу, мәдениет пен дін, әдебиет пен философия, миф пен поэзия, сәулет пен сарай және т.б. Шығыстану ғылымы классикалық түрде осы салаларды зерттейді. Ал ХХ ғасырда осы ғылымның әдістемесіне, зерттеу нысанына бұрын кездеспеген үлкен жаңалық келді. Ол жаңалық – жаңа сипатты туынды Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегі болды.

ХХ ғасыр – бұл Батыстың Шығыстағы отаршылық құрсауының ыдырап, шығыс елдерінің өз азаттығы үшін толассыз күресінің, ол күрестің бірде ойсырай жеңіліске ұшырап, бірде жеңіске қол жеткізген дәуірі. Э. Саидтің зерттеуінің дәл осы кезеңде жарыққа келуі бір жағынан тосын, екінші жағынан заңды да құбылыс болып саналады. Бұл – Эдвард Саидтің өмір жолы, зерттеушілік, азаматтық ұстанымымен байланысты мәселе. Осы дәрістер курсының барысында біз «Ориентализмде» көтерілген сандаған мәселелерді талқылаймыз.

Біз өмір сүріп отырған ХХІ ғасыр – ақпарат пен технологиялардың, ғарыштық байланыс пен жаһандану заманы. Жаңа үшінші мыңжылдықта шығыс елдері мен халықтарының әлемдік экономика мен саясаттағы рөлі күннен күнге арта түсуде. Шығыста Жер шары тұрғындарының басым бөлігі тұрады және онда аса қуатты өндірістік әлеует орналасқаны белгілі. Себебі Шығыс географиялық тұрғыдан өте үлкен аумақ.

Бүгінгі Шығыс елдерінің экономикасы, қоғамдық және саяси дамуы, өмір сүру деңгейі сан алуан. Бұл мемлекеттердің даму үрдісі, ғылымы мен жаңа технологиялары өзіне тек мамандардың ғана назарын аударып отырған жоқ. Шығыс бүгінде әлемнің назарында. Шығыстың өткен тарихы мен бүгінгі ахуалын зерттеу үшін осы саладағы негізгі ғылыми әдістемелерді, базалық еңбектерді, теориялар мен олардың авторларын білу – ғылым жолына жаңа түскен зерттеушілер алдындағы аса жауапты кәсіби міндет. Э. Саидтің «Ориентализм» еңбегі – жас шығыстанушы, гуманитар мамандардың болашақ ғылыми жұмыстарының тақырыбы мен мазмұнын анықтауда, зерттеулерінің тұжырымдамасын белгілеуде өзіндік орны бар теориялардың бірі.

Эдвард Саидтің есімі Батыс пен Шығыста қазіргі заманғы араб елдерінің ғана емес, әлемдік қоғамдық сана мен ғылыми ойдың дамуына айтарлықтай үлес қосқан тұлға ретінде белгілі. Алайда ол біздің елімізде жеткілікті танылмаған. Оның бірнеше себептері бар, олардың ең бастысы шығыстанушы мамандар дайындаумен, оның ұйымдастырылу, жүзеге асырылу сипатымен байланысты. Университеттерде арнайы факультет болмағандықтан бұл сала Қазақстанда біршама кеш қолға алынды. Басқа гуманитарлық ғылымдармен салыстырғанда шығыстанушы-зерттеуші кадрлар елімізде әлі де аздық етеді. Бұл жағдай бүгінгі күні Эдвард Саидтің авторлық тұлғасы, жеке тұжырымдамасымен және еңбегінің мазмұнымен жақын танысудың өзектілігін айқындай түседі.

Эдвард Саидтің ғылыми ортаның назарын бірден аудартып, авторына әлемдік танымалдық әкелген шығармасы – «Ориентализм».

Еңбектің негізгі тақырыбы, мазмұны, басты идеясымен жақын танысып, оны жеткілікті дәрежеде меңгеру үшін алдымен оның авторының өмірбаян деректеріне тоқталып өтейік.

Эдвард Вади Саид (ағыл. Edward Wadie Said, араб.) 1935 жылы Иерусалимде ауқатты палестиндік араб отбасында дүниеге келген. Әкесі кәсіпкер Вади Саид пен анасы Хильда Саид



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 1. Кіріспе. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегі: өзектілігі, авторы, тақырыбы

христиан дінін ұстанушы арабтар болған, шығыс (соның ішінде грек) православиелік шіркеуінің өкілдері өздерінің балаларының терең, сапалы білім, ұлттық тәрбие алуына өте үлкен мән берген.

Палестина ол кезде Ұлттар Лигасынан 1922 жылы алған мандатқа сәйкес Ұлыбританияның қол астында болды. Ал Ұлыбритания болса, бұл аймақта бірізді саясат ұстанған жоқ. Олар бір жағынан араб ұлтының арасында өзінің ықпалының әлсіреп кетуінен сақтана отырып, сионистік қозғалысқа қолдау көрсетсе, екінші жағынан оның, яғни сионистер қозғалысының басшыларына қысым көрсетіп отырды. Мұндай алалаушылықтың әсерінен аймақтағы бірқатар сионистік ұйымдар өз қызметін радикалдандыра бастады. Палестинаның отаршыларға тәуелділігі, араб тұрғындары мен сионистер мүдделерінің өзара қақтығысы жағдайды одан сайын ушықтыра түсті. Болашақ қайраткер ғалым Эдвард Саидтің азаматтық сипаты, мінез-құлқы осындай шиеленісті ортада қалыптаса бастады.

Әкесі Иерусалимдегі қала өміріне көндіккен баласы өзінің ұлты араб екенін есінен шығармауына көп көңіл бөлген. Баласы шыққан тегінен ажырап кетпес үшін оны жазғы демалыста анасының ауылда тұратын туыстарына Ливанға жіберіп отыратын болған. Эдвард Саид жадында сақталып қалған араб шаруаларының өмірі мен тұрмысын, өзінің арабтық түптамасының сипатын кейіннен кітаптары мен түрлі жазбаларында аса қиналыспен еске алады.

Әкесі Эдвард Саидке батыстық талаптарға сай құрылған элиталық оқу орындарында тамаша білім әперді. 1947 жылдың 29 қарашасында БҰҰ Бас Резолюциясы 181 резолюцияны мақұлдап, Палестинаны бөлу жайлы жоспар қарастырыла бастады. Осы жылы Саидтің отбасы Иерусалимнен Каирге (Мысыр Араб Респубикасы) қоныс аударады. Алдымен әл-Жазира дайындық мектебінде оқи бастаған ол кейіннен Александрия қаласындағы Виктория колледжіне оқуға қабылданады. Бұл колледжде (Victoria College, Alexandria) Мысыр, Сирия, Иордания, Сауд Арабиясы сияқты елдердің белді де ауқатты отбасыларының балалары оқыған, бұл зияткерлік оқу орнын осы мақсатта 1902 жылы британ билігі арнайы ашқан. Бұл жерде ол Иорданияның болашақ королі Хусейнмен бірге білім алады.

Эдвард Саид бала кезінен ана тілі араб тілімен бірге ағылшын тілінде еркін сөйлеген және оның өмірбаянын зерттеушілер Саидтер отбасы мүшелерінің негізінен ағылшын тілінде сөйлегеніне, ал араб тілі қызметшілермен тілдесу үшін қолданылғанына назар аудартады. Кейіннен Саидтің өзі бұл жағдайдың, яғни отбасында араб тілінде сөйлемегені өзін-өзі терең тануына жағдай тудырмағанын, әрі оның санасына кері әсер еткенін айтады.

Баласы ер жете бастағанда әкесі ұлына батыстық білім беруге шешім қабылдайды да Э. Саид АҚШ-қа Массачуетске мектеп-интернатта оқуға аттанады. Америка Құрама Штаттары – Эдвард Саидтің маман ретінде қалыптасқан зияткерлік ортасы, оның екінші Отаны. Ол АҚШ-тың ертеден белгілі ең беделді университеттерінде білім алды – Принстонда бакалавр, Гарвардта магистр, философия докторы (PhD) дәрежесіне ие болды.

Оның негізгі шығармашылық қызметі Гарвард, Стэнфорд, Джонс Хопкинс университеттерінде өтті, оны әлемнің белді деген университеттері тұрақты түрде профессор, зерттеуші ретінде шақырып отырды. Колумбия университетінде ол ағылшын әдебиетімен бірге салыстырмалы әдебиеттану бойынша дәрістер берді, осы университетте профессор болды.

Жоғары білімі бойынша Эдвард Саид – әдебиеттанушы. Алайда оның шығармашылық қызметі тек әдебиетпен шектеліп қалмайды, ол сонымен бірге философия, музыка, саясат сияқты бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі салаларға қызығушылық танытқан, тек қызығып қана қоймай, еңбектенген. Жеке басына тән ерекше қабілеті, дүниетанымы арқасында ол жан-жақты адам болып қалыптасты. Эдвард Саид кім дегенде біз қазір қалай жауап береміз? Ол:

- белгілі әдебиет және музыка сыншысы, мәдениеттанушы, музыкант, пианист.
- бірнеше ғылыми және қоғамдық ұйымдардың тұрақты, беделді мүшесі болған, олардың қатарында Америка Лингвистика Академиясы, Америка Ғылым және Өнер академиясы, Корольдік Әдебиет Қоғамы, Америка Философия Қоғамы және т.б. бар.
- Палестина қозғалысының белсенді мүшесі ғана емес, негізгі көсемдерінің бірі.
- танымал журналист, Израильдің Палестинаға қатысты жүргізген саясатының, сионизмнің, араб ұлтшылдығының өткір сыншысы.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **1. Кіріспе. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегі: өзектілігі, авторы, тақырыбы**

Соңғы айтылып тұрған мәліметке тағы көңіл аударайық, Саид араб ұлтының өкілі ретінде палестиндіктер құқығын қорғаушы, сионистерді айыптаушы ғана болған жоқ. Өз ұлты болғанына қарамастан, арабтардың бойындағы кемшіліктерді түзеу мақсатында оларды да қатты сынға алып отырған.

Ол саясат және ғылыммен қатар музыка саласында да үлкен жетістікке жеткен, Нью-Йоркте 1865 жылдан бастап шығып тұратын «The Nation» («Ұлт») журналында музыка сыны бойынша зерттеу мақалаларын жариялап тұрған. Музыкатану саласында жазған төрт бірдей кітабы бар. Бұл да оның аса терең білімі мен дарынының белгісі.

Саидтің тұлға ретінде қалыптасуына 1948 жылы Израиль мемлекетінің құрылуы қатты әсер еткен. Ал араб-израиль қақтығысы әлемдегі ең өткір, әрі шиеленісті, қазіргі күнге дейін шешімін таппаған проблема – босқындар проблемасына алып келген оқиға.

Эдвард Саид 1948 жылы тәуелсіздік үшін күрес еврей халқының өз мемлекетін құру арқылы өз тағдырын белгілеуіне ғана емес, өзін ұлт ретінде тануына да ықпал еткеніне көңіл аудартады. Бұл соғыс Палестинаның еврейлерден басқа, яғни араб тұрғындарына әскери жеңіліс әкелуімен бірге психологиялық тұрғыдан айықпас ауыр соққы болып тиді. Саид көптеген зерттеушілердің 1967 жылы соғыс сияқты осы жағдайды да назардан тыс қалдыратынын айтып айыптайды. Ал бұл проблема күні бүгінге дейін шешілген жоқ, ол бір емес бірнеше ұрпақтың тағдырына қиянат тигізіп отыр. Жағдай бірде бәсеңсігенмен, кенеттен қайта ушығып кетеді. Сол арқылы шиеленісе береді. Саид өзінің өмірбаянына қатысты деректерде өмірінің көптеген тұсында өзін өте жиі «қуғында», «басқа жерде», «қолайсыз» сезінгенін еске алады. Оның басындағы дәл осы жағдай оның өз әлемін, өз (сөйлеу және жазу) тілін, өз сөйлеу мәнерін тудырды, Саидтің өмір жолы – қайталанбас, бірегей жол. Ол өзін «әлемде дәл мен сияқты өзін «жат, орынсыз» сезінгендер ғана түсінуі мүмкін» деп есептейді. Себебі ол Америкада американдық емес, араб. Ал Палестинада ол жергілікті араб емес, американдық. Екі елде де ол жат, бірақ екі елге де тікелей қатысы бар. Біреуінде туып ер жетті, екіншісінде тұрып қызмет етті.

Ол өмірінің соңғы он жылында ауыр науқаспен (қан ауруы) күресті, алайда ол денсаулығының әлсірегеніне қарамастан шығармашылық, қоғамдық, қайраткерлік қызметінен қол үзбеді, үнемі еңбектене берді.

Эдвард Саид 2003 ж. 25 қыркүйекте Нью-Йоркте қайтыс болды. Ол – ХХ ғасырдың соңы, ХХІ ғасырдың басындағы ғылым тарихындағы еңбекқор зерттеуші, шынайы, еркін ойлы азамат, танымал ғалым, бірегей тұлға.

Зерттеу тақырыбы, кітаптың мазмұны

Эдвард Саидтің жалпы саны жиырма бес кітабы жарыққа шыққан, ал зерттеу мақалалары, эссе, рецензия, алғысөз сияқты туындылары түрлі жинақтарда жарияланған. Олардың қатарындағы басты еңбегі – «Ориентализм».

Кітаптың мазмұны бірнеше бөлімнен тұрады, нақты айтсақ, Алғыстан, оны Саид оған осы еңбекті жазу барысында көмек берген жақындарына арнаған, ары қарай Кіріспеден, Үш тараудан және Соңғы сөзден тұрады, еңбектің соңында Саид өте үлкен әдебиет тізімін көрсетеді. Ол осы кітапты жазу барысында қолданылған, сілтемелер жасалған әдебиеттер.

Еңбек европалықтардың араб мәдениетінің тарихын танып-білуі мен меңгеру тарихына, Батыстың Шығысты зерттеуге қолданатын әдістерін талдауға арналған. Себебі араб мәдениеті – Шығыс халықтары арасындағы бірегей мәдениет. Европаның Шығысты игеруі оның Шығыстың ғажайыптары мен байлығымен танысудан басталды, Шығыс мәдениетін зерттеуге арналған берік ғылыми дәстүр қалыптасты. Европалық ірі империялардың Шығысты отарлаудағы аса қуатты саяси және экономикалық тәжірибесі бұл дәстүрдің беки түсуіне үлкен қолдау көрсетті. Бұл дәстүрді Саид ориентализм деп атайды және оны тек академиялық пәннің атауы деп қана емес, бір (европалық) өркениеттің екінші (араб-мұсылман) өркениетке қатысты ұстанымынан көрініс тапқан ерекше тәсіл деп қарайды. Ол ерекше тәсіл зерттеу пәнімен байланысты.

Автор ориентализмді Батыстың Шығысты тануының күрделі, көпсатылы жүйесі деп қарауды ұсынады. Ориентализмді ол өз кезегінде жалпыға белгілі классикалық мәтіндерді



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 1. Кіріспе. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегі: өзектілігі, авторы, тақырыбы

зерттеу мен талдауға арналған академиялық жолдан басқа категория деп санайды. Саидтің айтуынша «Ориентализм Батыста империялық отарлау экспансиясының тәжірибесінде қалыптастырылған шығыс адамы жайлы белгілі бір көзқарас, ол саясат пен экономикаға қажет» деп түсіндіреді. Э. Саид өз еңбегінде осы жағдайдың қалай туындап, қай жолмен қалыптасқанын өткен және жаңа тарихқа көз сала отырып, жан-жақты талдайды.

Саид алдымен өзі нысанға алған тақырыптың XVII ғасырдың соңы – XVIII басында қалыптаса бастағанын, Шығыс туралы шынайы мәліметтердің түрлі жолдармен берілу принциптері туындағанын атайды. Оның айтуынша географиялық жағынан алғанда: «Шығыс адамы Шығыста тұрады, шығыс дәстүрімен өмір сүреді, Шығысқа тән озбырлыққа және сезімталдыққа бейім және тағдырға (фатализм) мойын ұсынады».

Палестиндік дәрігер, академик Ғада Карми (араб. Ghādah Karmi) (1939 жылы туған) айтқандай: «Кітап басқа да көптеген танымал шығармалар сияқты қарапайым, түсінікті тілмен жазылған, бұл оған таңданыспен қатар қастық көзқарасты да тудырмай қоймады».

Эдвард Саид «Ориентализмде» Шығыстың әртүрлі тарихи кезеңдегі даму проблемаларын зерттейтін Батыс ғылымы мен әдебиетінің өзі шындығында оған, яғни Шығысқа қатысты отаршылдық қарым-қатынастан «зардап шегуде» деп санайды. Саидтің айтуынша Батыс Шығысты «бөгде, жат» нәрсе немесе құбылыс деп қарайды. Олардың қолымен «Шығыс» ұғымы және оның мәдениеті жайлы түсінік жасалды, стереотип қалыптастырылды. Егер антитеза ретінде «Шығыс» болмаса «Батыс» ешқашан болмаған болар еді. Анықтама бере кетсек, (антитеза – (грек. Antithesis – қарама-қарсылық) мүлде қарама-қарсы ұғымдарды, жағдайларды, образдарды салыстыра не қарама-қарсы қоя отырып, ой мен сезімді әсерлі жеткізуге ұмтылатын стильдік, эстетикалық бейнелеу құралы, көркемдік әдіс). Эдвард Саид өзін Европа антропологы, оның мәдениеті, өнері және әдебиетінің зерттеушісі деп санады. Сондықтан өз еңбегінде дәл осы мәселені – Батыс пен Шығыс қарама-қарсылығын талдап, түсіндіруді өзінің мақсаты етіп қойды.

Саидтің «Ориентализм» кітабы жарыққа күннен бастап қызу пікірталас тудырды. Ол туралы сан алуан мазмұндағы сын-пікірлер қазірге дейін жалғасуда. Бір зерттеушілер Саидті Батыс авторларының Шығысты зерттеуге қосқан үлесін шектен тыс төмендетіп тастады деп айыптаса, басқалары ол Батыс ғалымдарына қасақана жала жапты деп сынады. Тағы бір қарсыластары Шығыстың өзінде тереңдігі мен жан-жақтылығы тұрғысынан Батыс жайлы мұндай зерттеудің жоқ екендігін айтты. Ал Колумбия университетінің профессоры Хамид Дабаші «Ориентализм» дер кезінде дұрыс автор жазған дұрыс кітап» деп бағалады. Бұл текті көзқарастар мен пікірлер оларды өзара салыстырып, жеке қарастыратын басқа зерттеудің тақырыбы бола алады. Ал «Ориентализмнің» өзі туралы сөз қозғағанда біз бұл кітапта автордың басынан өткен оқиғалары мен ол туып-өскен, қалыптасқан ортаның бұлжымай көрініс тапқанын айтуымыз қажет.

Эдвард Саид алғаш рет осы еңбекте «меншік құқығынан айыруды қалау» ұғымын енгізді. Ол көптеген Батыс авторларының өз зерттеулерінде «Палестина халқын оның өз Отанына деген меншік/ие болу құқығынан айыруға шебер, асқан тапқырлықпен үлес қосқанына» назар аудартады. Саид «бұл проблеманы зерттеу барысында тек батыстық тәжірибеге сүйену арқылы көзқарас қалыптастырғандар іс жүзінде өзін-өзі тани алмайды, ал бұл өз кезегінде меншік құқығынан айырылу болып табылады» деп санады.

Методологиялық жағынан алғанда Э. Саидтің еңбегі гуманитарлық немесе әлеуметтану ғылымдары қатарында бүгінде постколониализм теориясы деп аталатын арнайы бағыттың қалыптасуына тікелей үлес қосты.

Мұнымен қатар «Ориентализм» әдебиет теориясы мен мәдениеттану, экономикалық география мен тарих және шығыстану, атап айтқанда Таяу Шығысты зерттеу салаларына елеулі шығармашылық ықпал танытты.

XX ғасыр танымал авторларының бірі Э. Саидтің «Ориентализм» еңбегі бойынша дайындалған дәрістер курсы кешенді пән ретінде Шығыс халықтарының тарихын, саясатын, этнографиясын, философиясын, дінін, мәдени ескерткіштерін, өнерін, тілін, әдебиетін, экономикасын және қазіргі жағдайын оқып-зерттеуге қадам басқан жас мамандарға теориялық, базалық әдістемелік білім қалыптастыруды мақсат етеді. Ендеше бүгіннен бастап сол мақсатқа жетуге тырысайық.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **1. Кіріспе. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегі: өзектілігі, авторы, тақырыбы**

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегі нені зерттеуге арналған?
2. Еңбектің қандай ерекшеліктерін атай аласыз?
3. «Ориентализм» еңбегінің бүгінгі күнгі маңызы қандай?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінің өзектілігін атап көрсетіңіз.
2. Автордың шығармашылық тұлғасын сипаттаңыз.
3. Эдвард Саидтің «Ориентализм» еңбегінің жазылу тарихына, алғышарттарына тоқталыңыз.

Ұсынылатын ресурстар (әдебиет, зерттеулер, видео және т.б.)

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. 396 p.
2. Эдвард Саид, Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. 639 с.
3. https://en.wikipedia.org/wiki/Edward_Said.
4. ru.knowledgr.com
5. www.iimes.ru Глебова Н.С., Эдвард Саид. Жизнь на стыке цивилизаций.